

Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 541 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 шілдеде № 33190 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережесінің 14-тармағының 114-3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін қолдану жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

А. Ескараев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2023 жылғы 28 шілдедегі
№ 541 бұйрығына
қосымша

Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін қолдану жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық туындыларды көпшілік алдында орындау, көпшілікке хабарлау жолымен пайдаланғаны үшін, туындыларды қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны, дыбыстау-бейнелеу туындыларын автордың келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығарғаны үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін қолдануды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) авторлық құқықпен қорғалмайтын туындылар – халық шығармашылығы туындылары, қорғау мерзімінің аяқталуына байланысты қоғамдық игілікке айналған туындылар;

2) көп актілі драмалық және музыкалық-драмалық туындылар – кемінде екі актісі бар туындылар;

3) өлең түріндегі туынды – сахнадан айтылатын мәтіннің кемінде жартысы өлең түрінде жазылған туынды;

4) пьеса – театралдық көрсетуге арналған драмалық туынды;

5) сахналау-пьеса – басқа туындылар, оның ішінде халық шығармашылығы туындыларының сарындары бойынша жазылған пьеса;

6) "үлкен көлемді" туындылар – айрықша құқықтарын басқару жеке негізде жүзеге асырылатын туындылар;

7) "шағын көлемді" туындылар – айрықша құқықтарын басқару ұжымдық негізде жүзеге асырылатын туындылар;

8) "шағын көлемді" туындыларын көпшілік алдында орындау – дербес маңызы бар музыкалық-драмалық туындылардың бөлімдерін (ариялар, әндер) көпшілік алдында драмалық емес орындау.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 400 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32874 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бұйрық) бекітілген ең төмен мөлшерлемелер бойынша авторлық сыйақы:

1) орындаушы-әртістердің, сондай-ақ техникалық құралдар арқылы да драмалық, музыкалық-драмалық туындыларды, концерттік, цирк, би бағдарламаларын, мәтіні бар және мәтінсіз музыкалық туындыларды көпшілік алдында орындағаны;

2) туындыларды көпшілік алдында хабарлағаны;

3) туындыларды қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны, оның ішінде жалға бергені және көпшілікке прокатқа бергені;

4) дыбыстау-бейнелеу туындыларын автордың келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығарғаны үшін есептеледі.

4. Бұйрықпен бекітілген авторлық сыйақының ең төменгі мөлшерлемелері пайдаланушы мен автордың, оның құқықтық мирасқорының немесе құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, қолданылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.01.2026 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Туындыларды көпшілік алдында орындағаны үшін авторлық сыйақы:

1) бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен алымның жалпы сомасынан;

2) шарт бойынша кепілдік төлем сомаларынан не табыстардың өзге сомаларынан пайызбен есептеледі.

Төлеуші табысының дәл мөлшерін анықтау қиын болған немесе мүмкін болмаған жағдайларда, мәтіні бар немесе мәтінсіз музыкалық туындыларды, әдеби туындыларды орындаушы әртістер, сондай-ақ техникалық құралдардың (кез келген дыбыс тасығыштарының ойнатқыштары) көмегімен дискотекаларға, түнгі клубтарға, мейрамханаларға, кафелерге, кинотеатрларға, сауықханаларға, барларға, бистроларға, асханаларға, ашық алаңдарға, ойын аттракциондарына және басқа да қоғамдық орындарға тегін кіру кезінде орындалғаны үшін авторлық сыйақы Бұйрықпен бекітілген Туындыларды көпшілік алдында орындау жолымен пайдаланғаны үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерінің 26-тармағында көзделген айлық есептік көрсеткішпен есептеледі.

6. Туындыларды көпшілік алдында хабарлағаны үшін авторлық сыйақы табыстың жалпы сомасында пайызбен белгіленген мөлшерлерде есептеледі. Бұл ретте авторлық сыйақы есептелуге тиіс жалпы табыс деп жарнаманы орналастыру, хабарларды жасауға түскен демеушілік түсімдер, демеушілік не өзге қаржыландыру түріндегі түсімдерден, егер ондайлар бар болса, абоненттік ақы, туындыларға қол жеткізу үшін ақы түріндегі және тағы да басқа түсімдерден құралатын табыс түсініледі.

7. Авторлық құқықпен қорғалатын, сондай-ақ қорғалмайтын туындыларды қамтитын дыбыстық жазу даналарын қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін авторлық сыйақы тек авторлық құқықпен қорғалатын туындылар үшін ғана есептеледі.

8. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 28.01.2026 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Туындыларды көпшілік алдында орындау, көпшілікке хабарлау жолымен пайдаланғаны үшін, туындыларды қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін авторлық сыйақы мөлшерлемелерін қолдану

9. Балаларға арналған пьесаларды, оның ішінде қуыршақ пен орындалатын пьесалар үшін белгіленген авторлық сыйақының мөлшерлемелері аталған пьесаларға орындалған жеріне қарамастан қолданылады.

10. Өз туындыларының сарыны бойынша жазылған пьесалар, егер сахналау тең авторларсыз жасалса, төлтумаға теңестіріледі.

11. Халық ертегілерінің сарыны бойынша балаларға арнап жазылған пьесалар төлтумаға теңестіріледі.

12. Егер автор туындыны екі немесе бірнеше тілде жазып, қай мәтіннің төлтума, ал қайсысының аударма екенін ескертпесе, онда ол осы тілдердің әрқайсысында төлтума болып табылады.

13. Авторлық құқықпен қорғалатын және қорғалмайтын туындыларды (оның ішінде драмалық туындыларды сүйемелдейтін музыканы да) қамтитын бағдарламаларды көпшілік алдында орындағаны үшін авторлық сыйақы толық мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

14. Тең авторлар біртұтас бөлінбес дүние ретінде жасаған туындыларды көпшілік алдында орындағаны үшін авторлық сыйақы тек авторлық құқығы қорғалатын тең авторларға (олардың құқықтық мирасқорларына) ғана есептеледі. Бұл ретте есептелетін сыйақының мөлшері тең авторлардың арасында сыйақының белгіленген мөлшерлемесіне тең бөлінуіне сәйкес айқындалады.

15. Түгелдей қоғам игілігіне айналған туындылардан құрылатын концерттер үшін авторлық сыйақы есептелмейді.

16. Концерттік, эстрада, цирк немесе би бағдарламалары үшін авторлық сыйақы туындылар әртістердің немесе дыбыстық жазуда орындалуына қарамастан, сондай-ақ пайдаланушыға осындай бағдарламаларға билет сатудан табыс түсуіне немесе түспеуіне қарамастан есептеледі.

17. Егер спектакль бірнеше бір актілі туындыларды қамтитын болса, сыйақы әрбір туынды үшін соған белгіленген мөлшерлемесі бойынша жеке-жеке есептеледі.

Егер бір актілі туынды концерттік бағдарламада орындалса, бұл туынды үшін сыйақы соған белгіленген мөлшерлемесі бойынша есептеледі және одан басқа концерттік бағдарлама үшін де көзделген мөлшерлемесі есептеледі.

Егер спектакль екі көп актілі туындыны қамтитын болса, сыйақы әр туынды үшін тиісті көп актілі туындылар үшін көзделген мөлшерлемесінің 1/2 бөлігінен есептеледі.

Егер көп актілі туынды концерттік бағдарламамен орындалса, көп актілі туынды үшін сыйақы тиісті туындылар үшін көзделген мөлшерлемесінің 1/2 бөлігінен есептеледі және тиісті концерттік бағдарлама үшін көзделген мөлшерлемесі қосымша есептеледі.

18. Шағын көлемді шығармалар көпшілік алдында орындалған жағдайда аудармашы үшін белгіленген қаламақы сомасы аралық және соңғы аударма авторлары арасында тең бөлінеді.

19. Авторлық құқықпен қорғалатын сахналау-пьесаны аударған үшін авторлық сыйақы төлтума туындыларының аудармасы үшін белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

20. Музыкалық-драмалық туындыларды орындағаны үшін авторлық сыйақының мөлшерлемелері сонымен бірге туынды концерттік орындауда қойылатын жағдайларда да қолданылады.

21. Музыкасын шетелдік композиторлар жазған либреттолардың нұсқалары мен оперетталар, музыкалық комедиялар мен мюзиклдер мәтіндерінің жаңа сырлары аудармаларға теңестіріледі.

22. Драмалық спектакльдерге арнап жазылған музыка үшін төленетін сыйақы музыкалық нөмірлердің санына, сондай-ақ музыканы әртістер орындауына немесе

дыбыстық жазуда орындалуына қарамастан әрбір актісі үшін 1 пайыз мөлшерінде есептеледі.

23. Егер концерттік бағдарламада эстрадалық туындылармен қатар тым болмаса бір ірі симфониялық туынды, не ірі көлемді камералық туынды, не ұлттық аспаптарға арналған көп актілі туындылар, не хореографиялық концерт орындалса, осындай концерттік бағдарлама үшін авторлық сыйақы сатылған билеттерден (симфониялық, вокалды-симфониялық және камералық шығармалар концертіне арналғандай) түскен жалпы соманың 7 пайызы мөлшерінде есептеледі.

24. Егер жаңа жылдық шырша қойылымдары бағдарламасына драмалық немесе музыкалық-драмалық туынды енгізілсе, мұндай туынды үшін авторлық сыйақы драмалық және музыкалық-драмалық туындылар үшін көзделген мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

25. Концерт пен билерден құралған бағдарлама үшін кіру ақысы бірдей болған кезде авторлық сыйақы эстрада концертіндей – түскен жалпы алым сомасының 4 пайызы мөлшерінде есептеледі.

26. Көпшілік ареналарында (стадиондарда, спорт сарайларында, ипподромдарда және тағы сондайларда) өткізілетін спорт жарыстарын, спортшылардың көркем өнер көрсетулерін, ойын аттракциондарын, сән көрсетулерін, көрмелерді, жәрмеңкелерді, фестивальдарды, конкурстарды және тағы басқа іс-шараларды музыкамен сүйемелдегені үшін, авторлық сыйақы Бұйрықпен бекітілген Туындыларды көпшілік алдында орындау жолымен пайдаланғаны үшін авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерінің 24-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша есептеледі.

Егер көпшілік аренасында эстрадалық, цирк қойылымдары мен концерттер, драмалық немесе музыкалық-драмалық туындылар орындалса, олар үшін авторлық сыйақы концерттер, драмалық немесе музыкалық-драмалық туындылар, сондай-ақ цирк қойылымдары үшін белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

27. Осы алаңға кіргені үшін жеке ақы алмастан, алаңдарда (спектакльге дейін немесе одан кейін немесе үзілістер кезінде театрлар фойелерінде, кинотеатрлар фойелерінде, дәмханаларда, мейрамханаларда, парктердегі, бақтардағы және стадиондардағы ашық алаңдарда және т.с.) көпшілік алдында орындалған туындылар үшін авторлық сыйақы айлық есептік көрсеткіштерде есептеледі.